

**Х.Досмұхамедұлы атындағы орта  
мектеп**

**5 сынып**

**Қазақстан тарихы**

**Пән мұғалімі: Шығанбаева Мадина**

*Бемжанол Васильев*

**Сабақтың тақырыбы:** *Қазақ халқының музыка және күй өнері*

**Мақсаты:** *халқымыздың музыка өнерімен таныстыру арқылы оқушылардың халықтық өнерге қызығушылығын арттыру, топпен жұмыс жасау дағдысын қалыптастыра отырып, күй өнерінің аспаптарының тарихын тоқталып рухани және мәдени дамуына қол жеткізу.*

**Күтілетін нәтиже:** *Ұлттық өнермен сусындап домбыра, қобыз аспаптарын және күй өнерінің майталмандары туралы біліп шығады.*

**Сабақтың түрі:** *аралас сабақ*

**Сабақта қолданылатын әдістер:** *Топтық жұмыс, жұптық жұмыс,*

*Блум таксономиясы, слайд.*

**Пән аралық байланыс:** *музыка, өнер мен әдебиет.*

**Қосымша материалдар:** *«Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті» Алматы кітап-2006ж суреттер мен бейне таспалар.*

**Үй тапсырмасын пысықтау:(7-8 минут)**

**Тақырыбы:** *Наурыз мейрамы және қазақтың аңыз әңгімелері, дастан, шежірелері.*

- 1.** **Топтық жұмыс ( мәтінмен жұмыс)**
- 2.** **Мақал-мәтелдер.**
- 3.** **Шапшаң сұрақтар**

**Қазақтың ұлттық мейрамдары:**

**\* бесік той, шілдехана, тұсаукесер, сүндет той, үйлену тойы т.б**

**Наурыз мейрамы- көне иран сөзі, қазақша «жаңа күн» дегенді білдіреді.**

**Шешендік сөздер- қоғам өміріне, табиғат құбылыстарына байланысты терең ой, бейнелі тілмен айтылған халық шығармасы, тапқырлық сөздер мен тұжырымдыр.**

**НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ**

**Би-шешендер халық мүдессін қорғап ұлттық рухты орнықтырды.**



**Үш би**



**Бұхар  
жырау**

## «Кім шапшаң» сұрақтарға шапшаң жауаптар беру:

1. Наурыз қай күні тойланады?
2. Наурыз көже неше тағамнан жасалады?
3. Ұлыстың күні қандай күн?
4. Ұлттық ойындар мен сайыстарды ата?
5. Билерімізді ата?
6. Қазақ халқының шешендік өнері туралы айтқан түріктанушы ғалым?
7. Сөз тапқанға.....
8. Өнер алды.....
9. Отаны бірдің, тілегі бірдің.....( жүрегі бір, жүрегі бірдің тілегі бір)


# Жаңа сабақ жоспары:

1. Дала әуендері
2. Күй өнері
3. Қобыз күйі



Қазақта өзіндік тұрмысына  
негізделген музыка өнері  
қалыптасқан. Көне заманнан бері  
50-ге жуық әр түрлі музыкалық  
аспаптар болды.

# ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ САЗ АСПАПТАРЫ



Қобыз



Шертер



Домбыра



Жетіген



Асатаяқ




Қоңырау



Шаңқобыз



Дауылпаз



Асатаяқ



Дұдыға



Сақпан



Даңғыра



Сыбызғы  
Қамыс сырнай





Мүйіз сырнай  
ұран



Үскіріктер



Сазсырнай  
Тастауық



\* **Домбыра** - қазақ халқының ең кең тараған екі ішекті, көп пернелі музыкалық аспабы. Ол – қазақтар өмірінде маңызды орын алатын, өзіндік музыкалық сипаты бар аспап. Алғаш эпикалық дәстүр шеңберінде жыр, толғау, термелерді сүйемелдеуге қолданылған домбыра кейін аспаптық шығарма – күй жанрының қалыптасуына ықпал еткен. Қазіргі кезде домбыра жеке әнді сүйемелдеуге, күй тартуға, халықтық-фольклорлық музыкада, классикалық шығармаларды орындауға қолданылатын, мүмкіндігі кең музыкалық аспап болып табылады.

# XIX ғасыр қазақ ән өнерінің алтын ғасыры



**Біржан сал**



**АҚАН СЕРІ**




**Үкілі Ыбырай**



**Жаяу Муса**



**Сара  
Тастанбекқызы**



**Естай Беркімбайұлы**

**Күй өнері- орындау мәнері,  
орындаушылық дәстүрмен және  
тақырыптардың әртүрлілігімен  
ерешеленеді**

**Атақты күйшілер**

**Құрманғазы, Тәтімбет, Дәулеткерей,  
Қазақғап, Сүгір, Ықылас, Дина т.б**

# Күй өнері




**Құрманғазы  
Сағырбайұлы**  
1806 - 1879



**Тәттімбет  
Қазанғapұлы**  
1815-1862



**Сүгір Әлиұлы**  
1882 – 1961



**Ықылас  
Дүкенұлы**  
1843-1916



**Нұрпейісова Дина**  
1861-1955



**Қазанғap** 1854– 1921



**Дәулеткерей  
Шығайұлы** 1820-1887



Төкпе күйдің майталман шебері- **Құрманғазы Сағырбайұлы** (1806-1879жж) қазіргі Батыс Қазақстан обл. Жаңақала ауданы, Жиделі елді мекенінде дүниеге келген. Туындылары: «Ақбай», «Ақсақ киік», «Кішкентай», «Көбік шашған», «Қайран шешем», т.б





Сарыарқа жерінде шертпе күйдің тамаша үлгісін жасаған күйші-Тәтітімбет Қазанғапұлы (1815-1862жж) Қарқаралы тауының баурайында дүниегеи келді. Туындылары: «Былқылдақ», «Сылқылдақ», «Қосбасар», «Сарыжайлау», «Балбырауын» т.б

Ұлы сазгердің 40-тан астам күйі болған.








**Қобыз** — таңқаларлық пішінді және ғажайып сазды, бай тембрлі аспап. Қобыз ең көне аспаптардың бірі. Қобыз екі шекті 40-қа тарта аттың ұзын қылы керілген ысқышы бар аспап. *Қылқобыз* аталуы да осыдан болар. Қобыз үнінің төмендеп қайта жоғарылап дыбыс шығаруы — шектеріне саусақтың ұшын ғана тигізіп, сәл ғана басып шертіп, керілген қылды ысқышпен үйкеп ысқылап тарту арқылы ысқышты аспапқа «іліп қойғандай» етіп көлденең ұстап ысқылап сүйкеп-сүйкеп көсеп-көсеп жібергенде флажолетті обертоңды қою-қошқыл сазды мұңлы болып шығады. Біреулер қобыз үнін адам даусына ұқсатады ащы, зарлы, өксікті үн шығарады дегенде пікір айтады. Қобыздың 4000 жылдық тарихы бар.

Қобыз күйі- қазақтың ерекше өнері деп саналады. Қобызды қасиетті музыка аспабы деп қазақтар аса қадір тұтады. ХІХ ғасырдағы Ықыласқа дейін дәулескер күйші-қобызшылар көп болған.



Қорқыт- түрік  
калықтарының ұлы  
ойшылы, жырау,  
қобызшы, бақсылардың  
қамқоршысы. Ол ІХ-Х ғ.  
ғ өмір сүрген оғыз  
тайпасынан шыққан.

\* «Ұшардың ұлуы» күйі ( күйі орындалады)

\* «Ұшардың ұлуы» - Қорқыт Атаның күйі. Көнеден келе жатқан аңыз-әңгімелерге сүйенсек, ,аяғы заманда бір заманда бір шаңырақ астында жалғыз ұл бала және ата-анасы өмір сүрген. Ұл баланың өзінің қатты жақсы көрген Ұшар атты иті болады. Бір күні бала өліп қалады да ата-анасы баланы жерлейді. Сол кезде Ұшар жоғалып кетеді. Анасы оны іздеуге барайын десе оны ұл баланың зиратының қасында ұлып жатқанын көреді. Бұл оқиғаны көрген Қорқыт Ата  «Ұшардың ұлуы» атты күй шығарады.



**Ықылас Дүкенұлы (1843 – 1916 жж)** Қарағанды облысы, Жанарқа ауданы, *Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Шу өзеннің бойы – бұрынғы «Сарысу» кеңшарының батысына қарай 30 км Қуарал деген жерде*) – қазақтың атақты күйші қобызшысы, композитор, қылқобызда ойнаудың асқан дүлдүл шебері.


# Тапсырмалар

- 1. Топтық жұмыс (постер қорғау)**
- 2. Не білдім?**
- 3. Топтастыру стратегиясы**
- 4. Рефлексия**

Дала  
әуендері



Ән өнерінің  
өкілдері



Күй өнерінің  
өкілдері



**Топтастыр**

**Дәулеткерей**

**Кұрманғазы**

**Тәттімбет**

**күйшілер**

**Қазанғап**

**Сүгір**

**Дина**

**Ықылас**



**Үйге тапсырма: Не білгім келеді?**

**Бағалау:**

**Рефлексия**

Пайдаланылған